

Жаратылыстану пәндер бірлестігінің

2023–2024 оқу жылына арналған жылдық есебі

Қыркүйекте 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Бірлестік жетекшілерімен отырыс өткізіліп, критериялды бағалау жүйесі түсіндірілді. Нормативтік құжаттарға қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өткен оқу жылындағы жұмыс нәтижелері сараланып, талдау жасалды.

Қазан айының бірінші отырыс өткізілді. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың енгізілуі талқыланды. Оқушылардың пәнге қызығушылығы анықталды. Токсандық жиынтық бағалауды енгізу жұмыстары жүргізілді.

Қарашада екінші отырыс өткізілді. Сабақтарға қатысып, тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Бірінші тоқсандағы жиынтық бағалау қорытындылары сарапталды. География, химия, биология пәндері бойынша зертханалық және сарамандық жұмыстардың жүргізілуі тексерілді. Мектепшілік олимпиадаға оқушылар іріктелді.

Желтоқсанда тоқсандық жиынтық бағалау алынды. Аудандық олимпиадаға оқушылар қатыстырылды. Биология, химия, география, тарих пәндері бойынша дәптерлер тексерілді. Оқушылардың ҰБТ-ға дайындығы қадағаланды.

Қаңтар айында үшінші отырыс өткізілді. Бірінші жартыжылдықтың жиынтық бағалаулары талқыланып, сарапталды. Жаратылыстану пәндері бойынша ҰБТ-ға дайындық тексерілді.

Ақпан айында пән апталығы өткізілді. Оқушылардың ҰБТ және ББЖМ-ға дайындығы қадағаланды. 5–11 сыныптардағы сабақтарға қатысу мен өткізілу барысы тексерілді. Жас мамандардың жұмысы сарапталды.

Наурызда төртінші отырыс өткізілді. Химия, биология, география, тарих пәндері бойынша ҰБТ-ға дайындық қадағаланды. Онлайн тесттердің қорытындысы шығарылды. Токсандық жиынтық бағалау алынды.

Сәуір мамыр айларында сынама ҰБТ нәтижелері талданды. Жылдық жиынтық бағалау нәтижелері сарапталып, талқыланды. Жылдық жұмыс қортындыланып, жаңа оқу жылына міндеттер қабылданды.

Қорытынды

2023–2024 оқу жылы бойынша жаратылыстану пәндер бірлестігі жоспарланған іс-шараларды толық орындады.

- Жиынтық және тоқсандық бағалаулар дер кезінде жүргізілді.
- Оқушылар аудандық олимпиадаларға қатыстырылды.
- ҰБТ-ға дайындық тұрақты түрде қадағаланды.
- Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.
- Бірлестік жұмысы оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес нәтижелі аяқталды.

Жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі:  Бидалова А.М.

2023–2024 оқу жылындағы бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі

2023–2024 оқу жылында бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жұмысы ҚР Білім беру стандарттары мен нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізілді. Бірлестік жұмысы білім сапасын арттыруға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуға, оқушылардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етуге бағытталды.

1. Ұйымдастыру жұмыстары

- Тамыз айында ӘБ мүшелерінің жүктемесі нақтыланып, сапалық құрамы анықталды.
- Мұғалімдердің аттестациядан өту, курстарға жазылу жоспарлары жасалды.
- Бастауыш сынып кабинеттері жаңа оқу жылына толық дайындалды.
- ӘБ жоспары талқыланып, бекітілді.

2. Мектепшілік іс-шаралар

- Жыл бойы түрлі сыныптан тыс іс-шаралар, тәрбие сағаттары, сайыстар өткізілді.
- ӘБ отырыстары тоқсан сайын ұйымдастырылып, оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы талданды.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, мектеп өміріне қатысуға тартылды.

3. Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс

- Мұғалімдер оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулық хаттар және бұйрықтармен танысты.
- Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар уақытылы құрылып, бекітілді.
- Әр мұғалімнің жеке жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

- Оқушылардың жеке іс-қағаздары реттеліп, толықтырылды.
- «Шығармашылық топ» құрылып, әдістемелік бағыттағы жұмыстар жүргізілді.

- «20 минуттық кітап оқу» жобасы жыл бойы жалғастырылды.
- Қараша айында 2–4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығы тексерілді.
- Желтоқсанда бастауыш сынып апталығы өткізіліп, оқушылардың шығармашылығы дамытылды.
- Қаңтарда «Мұғалім біліктілігі қайтсе жоғарылайды?» атты дөңгелек үстел өтті.
- Ақпан айында оқушылардың жазу каллиграфиясы тексерілді.
- Наурызда «Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді қолдану жолдары» атты әдістемелік күн ұйымдастырылды.
- Оқушылардың білім сапасы тоқсан сайын мониторинг арқылы талданып отырды.
- Сәуір айында 4-сыныптан орта буынға сабақтастық жұмыстары жүргізілді.
- Жыл бойы дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі жүргізілді.
- Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тәжірибесі зерттеліп, таратылды.
- Үйірме жұмыстарының сапасы бақыланды.

5. ӘБ отырыстары мен есеп

- Әр тоқсан сайын мұғалімдердің білім сапасы бойынша есебі тыңдалды.
- Жыл соңында бірлестік жұмысына талдау жасалып, келесі оқу жылына ұсыныстар енгізілді.

**2023–2024 оқу жылына арналған гуманитарлық пәндер бірлестігінің
жылдық ЕСЕБІ**

Мақсаты:

Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеру, олимпиада мен ҰБТ-ға дайындау, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру.

I тоқсан (Қыркүйек – Қазан)

Атқарылған жұмыстар:

2022–2023 оқу жылындағы бірлестік жұмысына талдау жасалып, есеп берілді.
2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттармен танысу ұйымдастырылды.
Пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын дайындап, бекітті.
Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары қабылданды.
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына арналған іс-шара ұйымдастырылды.
Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіліп, тәлімгерлер бекітілді.

II тоқсан (Қараша – Желтоқсан)

Атқарылған жұмыстар:

Модерация жүргізіліп, құжаттар мен журналдар тексерілді.
Жас мамандардың жұмыстары тыңдалып, кері байланыс берілді.
Олимпиадаға дайындық жоспары жасалды.
11-сынып оқушыларына ББЖМТ және ҰБТ-ға дайындық бойынша кеңестер берілді.
Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына арналған тәрбие сағаттары өтті.

III тоқсан (Қаңтар – Ақпан)

Атқарылған жұмыстар:

I жартыжылдық қорытындыланып, оқу жетістіктері мен үлгерім бойынша талдау жүргізілді.
Аудандық, қалалық пәндік олимпиадаларға дайындық жұмыстары жалғастырылды.
Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырылды.
Арнайы пәндік байқаулар мен эссе, шығарма жазу жұмыстары өтті.


IV тоқсан (Наурыз – Мамыр)

Атқарылған жұмыстар:

9, 11-сынып оқушыларымен қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жүргізілді.
ББЖМТ, ҰБТ бойынша сынақ тестілері ұйымдастырылып, нәтижелері сарапталды.
Бітіруші сынып оқушыларының психологиялық жай-күйін бақылау жүргізілді.
Жылдық оқу бағдарламасы қорытындыланып, мұғалімдер есеп берді.
Оқушылардың білім сапасына талдау жасалды.

Қорытынды:

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде жүргізілді. Мұғалімдер оқу үдерісін сапалы ұйымдастырып, оқушылардың білім деңгейін арттыру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарды. Олимпиадалар мен байқауларда жүлделі орындарға ие болған оқушылар бар. ҰБТ-ға дайындық жүйелі жүргізілді. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді. 2024–2025 оқу жылында бұл жұмыстар жалғасын табады.

ӘБ жетекшісі:  Кенжекеева А.Н.